

Жылыой ауданында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеудің түрлері мен тәртібін, сондай-ақ оларға ақшалай сыйақының мөлшерін айқындау туралы

Атырау облысы Жылыой ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 11 қаңтардағы № 2 қаулысы. Атырау облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 17 қаңтарда № 4331 болып тіркелді.

"Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге азаматтардың қатысуы туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңының 3 бабы 2 тармағының 3) тармақшасына сәйкес, Жылыой ауданы әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес, Жылыой ауданында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеудің түрлері мен тәртібі, сондай-ақ оларға ақшалай сыйақының мөлшері айқындалсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Ж.С. Рашевқа жүктелсін.

3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

А. Бекет

Жылыой ауданы әкімдігінің 2019 жылғы "11"
қаңтардағы № 2 қаулысына қосымша

Жылыой ауданында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеудің түрлері мен тәртібі, сондай-ақ оларға ақшалай сыйақының мөлшері

Ескерту. Қосымшаға орыс тілінде өзгерістер енгізілді, қазақ тіліндегі мәтіні өзгермейді - Атырау облысы Жылыой ауданы әкімдігінің 15.05.2019 № 208 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1-тарау. Көтермелеудің түрлері

1. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеу шаралары мыналар:

- 1) алғыс жариялау;
- 2) грамотамен марапаттау;
- 3) ақшалай сыйақы беру.

2-тарау. Көтермелеудің тәртібі

2. Осы тәртіп Жылыой ауданында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеуді ұйымдастырудың мәселелерін реттейді.

3. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеу мәселелерін Жылыой ауданы әкімінің шешімімен құрылған комиссия (бұдан әрі – комиссия) қарайды.

4. "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Атырау облысының полиция департаменті Жылыой ауданы полиция бөлімі" мемлекеттік мекемесімен қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге белсенді қатысатын азаматтарды көтермелеу туралы ұсыныс комиссияның қарауына енгізіледі.

5. Комиссиямен қабылданған хаттамалық шешім көтермелеу үшін негіз болып табылады.

6. Ақшалай сыйақыны төлеу "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Атырау облысының полиция департаменті" мемлекеттік мекемесімен облыстық бюджет есебінен жүргізіледі.

7. Ақшалай сыйақыны төлеу үшін "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Атырау облысының полиция департаменті Жылыой ауданы полиция бөлімі" мемлекеттік мекемесі бастығының комиссия қабылдаған шешіміне сәйкес қосымша бұйрығы шығарылады.

8. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қосқан үлесі үшін азаматтарға көтермелеу шаралары "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Атырау облысының полиция департаменті Жылыой ауданы полиция бөлімі" мемлекеттік мекемесімен салтанатты жиында жүзеге асырылады.

3-тарау. Ақшалай сыйақының мөлшері

9. Ақшалай сыйақының мөлшері көтермеленетін азаматтардың қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қосқан үлесін, сонымен қатар олармен немесе олардың қатысуымен құқыққа қарсы әрекет нәтижесінде келтірілуі мүмкін залалдың алдын алған көлемін есепке ала отырып комиссиямен белгіленеді және 10 еселік айлық есептік көрсеткіштен аспайды.